

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

сақтау қабілеттерін, түс үйлестіру негізінде талғамдарын, сөйлеуі мен қабылдауын дамытуға үлкен ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан , 2010.

2 Волоскова Н. Н. Формирование графо-моторного компонента письма у учащихся начальных классов. Интернеттен

3 М.Г. Храковская. Пальчиковая гимнастика с предметами. Интернеттен

ӘОЖ 159.972

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҚОЛӨНЕР ЖҰМЫСТАРЫ

Ботабаева Әдемі Еркебайқызы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Ademi_e76@mail.ru

Мугалиева Ардақ Шагайқызы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Даутбек Жансая Мұхамедкұлқызы

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Еліміз үшін ұлттық тәрбие негізінде рухани жаңғырудың маңызы артып келеді. Себебі, жаһандану заманында көп ұлт өкілдері арасынан біз тек осы құндылықтарымыз арқылы ерекшелене аламыз. Ол жөнінде Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы дер кезінде халыққа ұсынылды. Бұл мақалада: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды» деп анық айтқан еді [1].

Ерекше жағдайды қажет ететін балалар – бұл белгілі тәртіпте бекітілген, туа біткен, тұқым қуалаушы аурулармен немесе жарақаттың салдарымен негізделген, өмір сүру әрекетінде шектеулері бар, дене және психикалық кемістіктері бар он сегіз жасқа дейінгі балалар [2].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін бірнеше қолөнер жұмыстарына тоқталайық.

1 – тақырып. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері

Жұмыс мақсаты: ерекше жағдайды қажет ететін балаларға қазақтың ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру арқылы еңбек, шеберлік, сұлулық талғамдарын қалыптастыру.

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортаң атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Халық мұндай адамдарды «оюшы» деп атады. Әрбір елде, әрбір руда атағы шыққан таңдаулы оюшылар болды. Ондайлар өз өнерінің тамаша үлгісін өзінің руына, маңайындағы елдерге таратып отырды. Осыдан келіп әр түрлі ою-өрнектерде, киімдер мен кілемдерде, сырмақтар мен кестелерде және т.с.с. «арғын үлгісі», «керей үлгісі» немесе «ұлы жүздің үлгісі», «орта жүздің үлгісі», «кіші жүздің үлгісі» деген мәнерлер пайда болды.

Қазақ халқының ою-өрнектері өзінің құрылысы, формасы, түрі-түсіне байланысты төрт түрге бөлінеді: жан-жануарлар тектес, өсімдік тектес, геометриялық, космогониялық (ғарыштық). Жан-жануарлар стиліндегі ою-өрнектер тіршілік иесінің мүшелеріне мойын, бас, табан сияқты дене мүшелеріне ұқсас болып келеді. Осыған байланысты қошқар мүйіз, қос мүйіз, қыңыр мүйіз, табан, өркеш, өрмекші, қаз мойын сияқты т.б. ою-өрнектер бар [3].

Жұмыс мақсаты: ерекше жағдайды қажет ететін балаларға қазақтың ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру арқылы еңбек, шеберлік, сұлулық талғамдарын қалыптастыру

Практикалық жұмыс

Оюдың суреттеріне қарап суретін салу немесе калька арқылы көшірмесін алу. Квадраттың, дөңгелектің, ромбының т.б. ішіне өрнек салу. Жасалған затты суреттеу, керекті материалдарды таңдау, пішу. Затты жасап шығару, орындау ретін анықтау, мүшелену, әсемдеу, жинау, ажарлау.

Қажетті құрал-жабдықтар: мата, қайшы, қағаз, лекал, сызғыш, бор (Сурет 1-де).



Сурет 1. Ойылған ою-өрнек.

2 - тақырып. Жүн түрлері

Жұмыс мақсаты: ерекше жағдайды қажет ететін балаларға жүн түрлерімен және оның қасиеттерімен таныстыру.

Жүн – [қой](#), [ешкі](#), [түйе](#) және т.б. жануарлардың түгі, жеңіл өнеркәсіптің құнды шикізаты. Жүн талшықтары жылуды аз өткізеді, ылғал тартқыш және берік болады. Ол жіп иіру, мата тоқу, киіз басу, әр түрлі тоқыма бұйымдар жасау үшін пайдаланылады. Қой, ешкі және түйе жүні құнды шикізат болып есептеледі. Дүние жүзінде қой жүні көп өндіріледі. Қой жүні талшықтарының жуан-жіңішкелігіне, құрылымына қарай бөлінеді. Жүн құрамындағы қылшықтардың ара қатынасы қой тұқымына байланысты әр түрлі болады. Сондықтан қой жүні биязы, биязылау, ұяң және қылшық жүн деп бөлінеді. Бұл жүнінен жоғары сапалы мата тоқылады. Биязылау жүн біркелкі ірілеу Жүн мен аралық қылшықтан тұрады. Талшығының жіңішкелігі 25,1-35 мкм. Мұндай жүннен трикотаж, жоғары сапалы шұға тоқылады. Ұяң жүн құрамында жүннен басқа аралық және майда қылшықтар болады. Ұяң жүннен кілем тоқылады. Қылшық жүннің құрамында қылшық, әсіресе, өлі қылшық көп болады. Мұндай жүн [киіз](#), киіз [аяқ киім](#), т.б. жасауға пайдаланылады. Жүннің барлық түрінің сапасы малдың тұқымына, оны дұрыс азықтандыруға, бағып-күтуге байланысты. [Ешкі жүні](#) қылшықты, түбіт аралас болады. Ангор, т.б. ешкі тұқымының Жүні биязылау келеді. Түйе жүні берік, сапасы жақсы болады. Одан жүн мата, сырт киім, әр түрлі бұйымдар жасалады. [Сиыр](#), [жылқы](#) жүндерінен [киіз](#), [қоян](#) жүнінен жеңіл [киім](#) жасайды. [Ит](#) жүні емдік мақсатта қолданылады.

3 - тақырып. Жүн түрлері

Жұмыс мақсаты: ерекше жағдайды қажет ететін балаларға киіз басу өнерімен таныстыру.

Киіз басу келесі кезеңдерден өтеді.

Киіз басу – дәстүрлі [казак](#) қоғамында дамыған киіз жасау өнері. Оған [жүн](#) талшықтарының бір-бірімен ұйыса байланысатын қасиеті негізге алынған. Қазіргі заманғы шұға басу, [байпақ](#) жасау, фетр (қалпақтық биязы

киіз) басу процесстері де киіз басу дәстүрлі [технологиясымен](#) бірдей. Киіз Басу ісімен [қазақ халқы](#) өте ертеден таныс. [Ғасырлар](#) бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, Киіз Басу технологиясын әбден меңгеріп, өнер дәрежесіне көтерген. Дәстүрлі қазақ қоғамында киіз басу ісі маусымдық сипатта болған. Ол [қойды қыркудан](#) басталады да (күзде), қырқылған күзем жүннің барлығын өңдеп болғанға дейін созылады. Киіз басу барысы бірнеше кезеңдерден тұрады:

Сабау. Алдымен жүн жасалатын бұйымдарға ыңғайланып, ақ, қара түстерге бөлініп жиналады да, оны [ешкі](#) терісінен жасалған [тулаққа](#) салып, сабайды.

Шабақтау. Жүн сабалып болған соң, басылатын киіздің көлеміне қарай, [шиді](#) жаяды да, оның үстіне жүнді салып, шабақтайды. Осыдан кейін бет тартылады, яғни киіздің оң жағына арналған неғұрлым таза, әдемі жүнді сол қолмен уыстап алып, әлгі шабақталған жүннің үстіне салып отырып, оң қолдың қырымен басып қалып, үзіп қалдырады. Үзілген жүн бірімен-бірі жалғаса, біртегіс болып төселе береді. Бұл істі бұрыннан бет тартып машықтанған, жүн тартудың шебері деп танылған бір адам ғана орындайды. Себебі, екі-үш адам орындаса, жүн ала-құла тартылады да киіз біркелкі шықпайды.

Булау. Содан кейін [қайнап](#) тұрған ыстық суды [шелекпен](#) әкеліп, [сүзгімен](#) немесе [шөміштің](#) сырт жағымен шашыратып шидің бір жақ шетінен бастап себелеп құяды. Жоғарыдан шашырап құйылған су өз салмағымен жүнді басып, шабақталған жүн мен тартылған жүнді біріне-бірін қосып жабыстырады. [Ыстық су](#) жүннің талшықтарын буландырып жібітеді де, оның өзара кірігіп, тез киізденуіне жағдай жасайды. Су себіле басталысымен қатар отырған 3-4 әйел басылып жатқан жүнді сыртындағы шимен қабаттай шиыршықтап, жинап отырады. Шиді ширатып орап жинаған сайын әлсін-әлсін ыстық су құйылады. Түгел жиналған шидің сыртынан жіппен шандып, жұмырлап байлайды да, ортан белінен бір жерінен немесе екі жерінен арқанды өткізіп алып домалатады, екі басын тұйықтап бос салып қояды. Бүктеліп әзір жатқан шидің өн бойын бойлай 10-12 адам қатар жүріп келе жатып, шиге ораулы киізді аяқтарымен теуіп отырады. Бұларға қарама-қарсы бір адам – “қой бастар” киізді алға қарай (өзіне қарай) домалата сүйрейді. Бұдан кейін шидің шандуларын шешіп, шиыршықталған киізді жазып босатады. Киіздің асты-үстін ауыстырып отырып, 3-4 рет шиыршықтап, бүктейді де, екі басын түйістіріп [шұжыққа](#) ұқсатып көктеп алып, тағы да ыстық су құйып сығымдап, үстін күпімен, тонмен жылылап жауып тастап байлайды.

Білектеу. Ыстық буымен балбырап жатқан киізді мөлшерлі уақыт өткен соң шешіп алып, қайыра ширатып, тағы да жіппен шандып байлайды. Қатарласа отырған киізшілер шидің үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай жұла тартып алып, тізесіне соғады, білегімен ұрып басады. Білектеліп болған киізді ұзыннан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре [шуда](#) жіппен көктейді.

Қарпу. Киіз басушылар киізді ақ шидің үстіне салып, айнала отырады. Қусырылған киіздің әр жерінен қамти ұстап, оңды-солды қарпиды. Қарпылған киіздің шет-шеті жиналып тегістеледі де, екі жақ бетіндегі кірікпей қалған бос қылшықтары түседі. Білектеу мен қарпудан кейін кірігіп, ширай түскен киіз біраз қуырылғандай болып көлемі шағындалады [4].

Практикалық жұмыс

Киіз басу
ескере отырып,
әзірлеу (сурет 2-



кезендерін
киізден төсеніш
де).

Сурет 2. Киізден жасалған төсеніш

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті жүндер, сабын, ыстық су, ойылған ою (сурет 1-дегі).

4 - тақырып. Жүннен жасалған ойыншықтар

Жұмыс мақсаты: ерекше жағдайды қажет ететін балаларға түрлі түсті жүннен ойыншықтар әзірлеу.

Практикалық жұмыс

Түрлі түсті жүннен ойыншықтар әзірлеу. Затты жасап шығару, орындау ретін анықтау, мүшелу, әсемдеу, жинау, ажарлау.

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті жүн (Сурет 3-те).



Сурет 3. Жүннен жасалған ойыншықтар

Қорытындылай келе, ұлттық өнер негізінде ерекше жағдайды қажет ететін балаларға қолөнер жұмыстарын жүргізгеннен кейін күтілетін нәтижелер:

1. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың есте сақтау, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады.
2. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды сенсорлық және сенсомоторлық дамытады.
3. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың қол моторикасын жетілдіреді.
4. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың эмоциялық ерік саласын түзетеді және жетілдіреді.
5. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырып және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіледі.
6. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
7. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың түрлі түстерді үйлестіре білуге үйренеді.
8. Ерекше жағдайды қажет ететін балаларға еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Мемлекет басшысының Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. <http://www.akorda.kz>.
- 2 Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с.
- 3 Бас редактор Б.Аяған. Ұлттық энциклопедия. // 5 т. – Алматы, 2003. - 720 б.
- 4 Ою. Ұлттық энциклопедия. /Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.

ӘОЖ 159.972

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҢАЛТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ботабаева Ә.Е.

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Ademi_e76@mail.ru

Кенжалиева Ұ.М.

Педагогика және психология мамандығы МПП 11 тобының магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан
қаласы

Біздің тақырып категориясына келетін балаларға мемлекет тарапынан жақсы қолдау көрсетілген, ол «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің